

**T.C.**  
**MİMAR SİNAN GÜZEL SANATLAR ÜNİVERSİTESİ**  
**FEN-EDEBİYAT FAKÜLTESİ**  
**Tarih Bölümü**

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D020200 - Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Макашева Жанат Становнаның «Әлемдік тәртіптің қалыптасу жағдайындағы Қазақстан Республикасының егеменділігін жүзеге асыру факторының ұлттық мүдделері» атты диссертациясына

**ПІКІР**

Макашева Жанат Становнаның диссертациялық жұмысы қазіргі әлемдегі геосаяси жағдайдың шиеленісуі жағдайында Қазақстан Республикасының егемендігі мен ұлттық мүдделерін зерттеуге арналған.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері жүйелі негізделген. Алдыға қойылған міндеттердің арасында практикалық тәжірибені көпәспектiлік талдау негiзiнде қазiргi әлемдегi геосаяси жағдайдың шиеленісуі жағдайында Қазақстан Республикасының егемендігі мен ұлттық мүдделерін нығайту үдерістеріне сауалнама нәтижелері барысында сипаттама беруді ерекше атап өтуге болады.

Тақырыптың зерттелуі қазақстандық, Орталық Азиялық ғалымдар мен зерттеушілер, ТМД елдері және шетелдік авторлардың еңбектерін жүйелі түрде, жіті көрсеткен. Зерттеулердің дереккөздік негізі ғылыми қызығушылық тудырады, соның негізінде территориялық тұтастық мәселелері бойынша алыс және жақын шетел зерттеушілерінің ғылыми еңбектері мен ғылыми жетістіктерінің үлкен көлемі ғылыми айналымға енгізілді.

Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасу жағдайындағы қазақстандық қоғамдық санасының өзгеруі Түркияны Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғаудағы басты одақтасы ретінде қабылдауға әкелгендігі ашып көрсетілгендігі туралы сараптамалық сауалнамалардың нәтижесі айтарлықтай басты ғылыми нәтижесі ретінде қолданылады.

Бауырлас Түркияның КСРО-ның ыдырауы нәтижесіндегі Қазақстанды ресми және бейресми егемендігі мен тәуелсіздігін тануы, Қазақстанның толыққанды халықаралық құқық субъектісі мен халықаралық акторы болып қалыптасуымен дәлелденді. Сараптамалық сауалнамалар мен ғылыми-тәжірибелік зерттеулер диссертациялық жұмыста ғылыми негізделген. Диссертациялық жұмыстың зерттелу дәрежесі одан әрі біршама кеңінен қарастырылуы керек еді деп ойлаймын. Бірақ бұл ескерту ұсыныс

**T.C.**  
**MİMAR SİNAN GÜZEL SANATLAR ÜNİVERSİTESİ**  
**FEN-EDEBİYAT FAKÜLTESİ**  
**Tarih Bölümü**

сипатта болады және диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейін төмендетпейді.

Қорытындылай келе, Макашева Жанат Становнаның «Әлемдік тәртіптің қалыптасу жағдайындағы Қазақстан Республикасының егеменділігін жүзеге асыру факторының ұлттық мүдделері» атты диссертациясы жоғарыда аталып өткен сипаттаманы негізге ала отырып «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сәйкестігін растай отырып, «6D020200 - Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайық деп санаймын.

**Мимар Синан көркем өнер  
университетінің профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы (PhD)**

**Prof. Dr. Abdulvahap KARA**  
Mimar Sinan Güzel Sanatlar Üniversitesi  
Fen-Edebiyat Fakültesi Tarih Bölümü

**Әбдіяқап Қара**